



Р КЕГОС 00-211-18-СД
3-басылым

**«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАН КОМПАНИЯСЫ (KAZAKHSTAN
ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY)
«КЕГОС» АҚ**

**«КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 24 тамыздағы
№ 9 хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ**

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

**«КЕГОС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУ ЖӘНЕ «КЕГОС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ САРАПШЫЛАРДЫ ЖҰМЫЛДЫРУ
САЯСАТЫ**

Р КЕГОС 00-206-18-СД

№ _____ нұсқа

3-басылым

Енгізілген күні ____ . ____ . 2018ж.

Астана

1 Қолданылу саласы

1.1. Осы стандарт (бұдан әрі - Саясат) «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдырудың негізгі тәсілдерін белгілейді.

1.2 Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «КЕГОС» АҚ Жарғысы, Директорлар кеңесі туралы ереже және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

1.3 Саясатты «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері, корпоративтік хатшы қолданады.

1.4 Саясат «КЕГОС» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және мемлекеттік басқару органдары, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және еншілес ұйымдардан басқа тараптарға ұсынылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Саясатта Қазақстан Республикасының мына нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

«КЕГОС» АҚ Жарғысы;

«КЕГОС» АҚ Корпоративтік басқару кодексі;

П КЕГОС 00-202-15-ОСА «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже;

СТ КЕГОС 00-101-10 ПР Құжаттаманы басқару ұйым стандарты.

3 Терминдер мен анықтамалар

Саясатта тиісті анықтамалары бар мына терминдер қолданылады:

3.1 **Директорлар кеңесі:** «КЕГОС» АҚ басқару органы;

3.2 **Комитет:** Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші комитеті;

3.3 **Директорлар кеңесінің мүшесі:** Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған тәртіпте Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған жеке тұлға;

3.4 **Корпоративтік хатшы:** «КЕГОС» АҚ Корпоративтік хатшысы;

3.5 **Корпоративтік хатшы қызметі:** Корпоративтік хатшының «КЕГОС» АҚ-да өз міндеттері, функциялары мен уәкілеттігін тиімді орындауын қамтамасыз ететін, Корпоративтік хатшы басшылық ететін «КЕГОС» АҚ дербес құрылымдық бөлімшесі.

4 Жауапкершілік

4.1 Саясат «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4.2 Саясатта көрсетілген талаптарды ендіруді Корпоративтік хатшы бақылайды.

4.3 Саясатты басқару үшін Корпоративтік хатшы қызметі жауапты.

4.4 Саясатта көрсетілген талаптардың орындалуын бақылауды Директорлар кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

4.5 Саясаттың тиімділігін Директорлар кеңесі бағалайды және қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

5. Жалпы ережелер

5.1 Саясаттың мақсаты Директорлар кеңесінің дағдыларын дамыту және біліктілігін арттырудың жүйелі, құрылымдалған және анық механизмін ендіру және Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап еткен жағдайда олардың сыртқы сарапшыларды жұмылдыру құқығын іске асыру арқылы «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімдерінің тиімділігі мен салмақтылығын жоғарылату болып табылады.

5.2 Саясат Директорлар кеңесі мүшелерінің, сонымен қатар Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға қатысты құқықтары мен міндеттерін айқындайды және Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыру туралы жоспарлау және шешім қабылдау тәртібін реттейді.

5.3 Директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті білімі мен тәжірибесі болуы тиіс, бірақ олар барлық салада сарапшы бола алмайды. Осыған байланысты Директорлар кеңесі мүшелерінің білімін кеңейту және жаңарту, сонымен қатар Директорлар кеңесі құзыретінің жеке мәселелері бойынша сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы жұмылдыру бойынша оларға мүмкіндік беру қажеттілігі туындайды.

6 __ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға қатысты құқықтары мен міндеттері

6.1 Директорлар кеңесінің мүшесі:

– Саясатта белгіленген тәртіпке сәйкес «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің мәселелері бойынша біліктілігін арттыруға;

– Егер ол Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесінің комитеті қарастырып отырған мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап етеді деп болжаған жағдайда, белгіленген Саясатқа сәйкес «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға құқылы.

6.2 Директорлар кеңесінің мүшесі:

- қажеттілігіне байланысты сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына, семинарларға (тренингтер), конференциялар, дөңгелек үстелдер, форумдарға қатысып, біліктілікті арттырудың жалпыға бірдей басқа да нысандарын

қолданып, Директорлар кеңесі құзыретінің мәселелері және аралас мәселелер бойынша біліктілігін арттыру бойынша іс-шараларға қатысуға;

- Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «КЕГОС» АҚ ұйымдастыратын ішкі және сыртқы біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысуға;

- «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыру құқығын жүзеге асыру кезінде Саясат және «КЕГОС» АҚ басқа да ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпті сақтауға;

- «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыру құқығын жүзеге асыру кезінде тараптардың тәуелсіздігі қағидасын басшылыққа алуға міндетті.

7 Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыруы үшін бюджетті қалыптастыру тәртібі

7.1 Директорлар кеңесі көпшілік дауыспен Директорлар кеңесі мүшелерін кәсіби дамыту бағдарламасын бекіту арқылы жалпы Директорлар кеңесінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы шешім қабылдайды.

7.2 Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және олардың сыртқы және тәуеліз сараптама жүргізу мақсатында сыртқы сарапшыларды жұмылдыруы бойынша шығындар «КЕГОС» АҚ тиісті жылға арналған кіріс және шығыс бюджетінде қарастырылуы тиіс.

7.3 Сыртқы сарапшылар қызметтерін сатып алу «Самұрық-Қазына» АҚ және «КЕГОС» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.4 Қажеттілік туындаған жағдайда «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуының бағдарламасы түзетіледі және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. Сондан соң Бағдарламаны іске асыру мақсатында «КЕГОС» АҚ кіріс және шығыс бюджетінде бекітілген сомалар шегінде қаражат қайта бөлінеді.

8 Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру тәртібі

8.1 Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру мына нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- ішкі семинарлар (тренингтер) – ұйымдастырушысы «КЕГОС» АҚ болып табылатын семинарлар;

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған сыртқы семинарлар (тренингтер) – басқа компаниялар мен ұйымдар өткізетін семинарлар;

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын кәсіби мақалалар және басқа ақпарат;

- конференциялар, дөңгелек үстелдер және форумдар;

- Директорлар кеңесінің шешімі бойынша біліктілікті арттырудың басқа нысандары.

8.2 Директорлар кеңесі мыналардың негізінде әзірленген Директорлар кеңесі мүшелерін кәсіби дамыту бағдарламасын көпшілік дауыспен бекітеді:

- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша анықталған біліктілікті арттыру қажеттілігінің;

- тиісті негіздемесі болған жағдайда Директорлар кеңесінің жеке мүшелерінің өтініші бойынша.

8.3 Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті өтініші немесе Директорлар кеңесі комитетінің ұсынысында біліктілікті арттыру талап етілетін тақырыптар және осындай қызметтер көрсететін, ұсынылған ұйым берілуі тиіс.

8.4 Басқарма төрағасы Корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесін «КЕГОС» АҚ қызметкерлерінің күшімен Директорлар кеңесінің мүшелері үшін ішкі семинар (тренинг) ұйымдастыру мүмкіндігі туралы хабарландырады.

8.5 Директорлар кеңесі көпшілік дауыс арқылы, шығындарды салыстыру және біліктілікті арттырудың түрлі нысандарының Директорлар кеңесінің тәуелсіздігіне әсерінің қауіпін бағалауға негізделе отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің біліктілігін арттыру нысаны туралы шешім қабылдайды.

8.6 «КЕГОС» АҚ Басқарма төрағасы және Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне баспасөз шолуларын немесе «КЕГОС» АҚ қызметінің мәселелері немесе аралас мәселелер бойынша кәсіби мақалалар жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін ақпаратты жүйелі түрде ұсынуды ұйымдастырады.

9 Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыру тәртібі

9.1 Негіздеме болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің сұратуы немесе Директорлар кеңесінің комитетінің ұсынысы бойынша «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитетінің құзыретінің жеке мәселелері бойынша консультация үшін сыртқы сарапшыларды жұмылдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

9.2 Директорлар кеңесі мүшесінің сұратуында немесе Директорлар кеңесінің комитетінің ұсынысында консультация және/немесе тәуелсіз сараптама қажет мәселе көрсетілуі тиіс.

9.3 Сыртқы сарапшылар ретінде ғылыми дәрежесі бар ғылым қызметкерлері, бизнес ортаның тиісті саласындағы жоғары білікті мамандар болуы мүмкін.

9.4 «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жеке мәселелері бойынша консультация немесе тәуелсіз сараптама жүргізу үшін сыртқы сарапшыларды таңдау кезінде мүдделер қайшылығын болдырмау қағидаты қамтамасыз етілуі тиіс.

9.5 Директорлар кеңесінің мүшелері «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен сыртқы сарапшыларды жұмылдырудың негізділігі үшін жауапты болып табылады.

9.6 «КЕГОС» АҚ қаражаты есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жеке мәселелері бойынша консультация үшін сыртқы сарапшыларды таңдау Директорлар кеңесінің жеке мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша жүзеге асырылмайды.

10 Корпоративтік хатшының міндеттері мен функциялары

10.1 Корпоративтік хатшы барлық кезеңдерде Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыруда көмек көрсетеді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға септігін тигізетін ақпаратты жүйелі түрде ұсынуды ұйымдастырады.

Дайындық жұмыстарын жүргізу және Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыру кезіндегі Корпоративтік хатшының міндеттері мен функциялары:

- біліктілікті арттыру бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратты іздеу, жинау және Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсыну;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда Директорлар кеңесінің мүшелеріне көмек көрсету;
- Директорлар кеңесінің төрағасымен бірге Директорлар кеңесі мүшелерін кәсіби дамыту және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыру бағдарламасының жобасын әзірлеу;
- «КЕГОС» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыруы бойынша қызметтерді сатып алу бойынша басқа да қызметтерді атқару.

11 Саясатты басқару

11.1 Саясатты басқару СТ КЕГОС 00-101-10 ПР Ұйымдық құжаттаманы басқару ұйым стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

11.2 Осы қағиданы Басқарма төрағасы, Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор және Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, Аппарат басшысы, Заң департаментінің директоры, корпоративтік басқару бөлімінің бастығы, Ішкі аудит қызметінің басшысы «Келісу парағына» жазба енгізіп, келіседі (осы қағиданың 1-қосымшасы).

11.3 «КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Саясат талаптарымен танысуы тиіс.

Әзірлеген:

Корпоративтік хатшы _____ **Е. Рамазанов**
(күні және қолы)

Корпоративтік хатшы қызметінің
менеджері _____ **А. Исакова**
(күні және қолы)

«КЕГОС» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің
біліктілігін арттыру және «КЕГОС» АҚ
Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы
сарапшыларды жұмылдыру саясаты
ұйым стандартына 1-қосымша

Келісу парағы

Ф. СТ КЕГОС 00-101-01

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Басқарма төрағасы	Қажиев Б.Т.		
Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор	Сафуани Т.Е.		
Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор	Ботабеков А.Т.		
Аппарат басшысы	Омаров Б.Б.		
Ішкі аудит қызметінің басшысы	Есетов О.О.		
Заң департаментінің директоры	Омаров К.С.		
Корпоративтік басқару бөлімінің бастығы	Рамазанова А.Н.		

